

ОЙЫЛ

ЕКІ ОКРУГТЕ ЖАҢА ӘКІМ

ӨТКЕН ЖЕКСЕНБІ КҮНІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ҮШ АУДАНЫНЫҢ ТӨРТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ӘКІМ САЙЛАУЫ ӨТТІ. ОНЫҢ ЕКЕУІ ОЙЫЛ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ ОЙЫЛ ЖӘНЕ ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ.



«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтері әкімдері сайлауының нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындысын шығарды. Нәтижесінде, Ойыл ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша электораттың басым дауысына ие болған Рүстем Темірұлы Сағынғалиев Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Ойыл ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Ал, Ш.Берсиев атындағы

ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша сайлаушылардың 367-сі жақтап дауыс берген Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған Әділбек Жансерікұлы Избасов Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің әкімі болып сайланды. Кеше аудан әкімдігінде өткен жиында аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов сайлау қорытындысына сәйкес, Рүстем Сағынғалиевқа Ойыл ауылдық округінің әкімі куәлігін табыстады. Түстен кейін, аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Берік Бисекенов Қаратал ауылында болып, ауыл азаматтарына Ш. Берсиев атындағы ауылдық округтің әкімі болып сайланған Әділбек Избасовты таныстырып, куәлігін тапсырды.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ОЙЫЛ ЖӘНЕ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІ ӘКІМДЕРІН САЙЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ

2025 жылғы 2 ақпанда Ақтөбе облысы Ойыл ауданының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтті.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 44-бабының 2-тармағына, 45-бабына, 113-10-бабына сәйкес учаскелік сайлау комиссияларының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтері әкімдері сайлауының нәтижелері туралы хаттамалары негізінде Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлаудың қорытындысын шығарды:

Ойыл сайлау округі

Ойыл ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 4264 азамат енгізілді, олардың 2280 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны - 21, «Бәріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны - 54.

Өрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Алекеш А.А. - 145, Сағынғалиев Р.Т. - 1559, Туремуратов М.О. - 501. Сағынғалиев Рүстем Темірұлы - 1985 жылы дүниеге келген «Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі» КММ-нің мұғалімі, Ойыл ауданы Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Ойыл ауылдық округінің әкімі болып сайланды. Ш.Берсиев атындағы сайлау округі

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің сайлауы бойынша:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 934 азамат енгізілді, олардың 528 дауыс берді. Жарамсыз бюллетеньдер саны - 4, «Бәріне қарсымын» деген жолда белгі қойылғаны - 16. Өрбір кандидат үшін берілген дауыстар саны: Айтқалиев Н.А. - 47, Избасов А.Ж. - 367, Наурызбаев А.Н. - 94. Избасов Адилбек Жансерикович - 1991 жылы дүниеге келген, «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің бас инспекторы, Ойыл ауданы Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің әкімі болып сайланды.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ОЙЫЛ ЖӘНЕ Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ САЙЛАНҒАН ӘКІМДЕРІН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАРЫ



4 ақпан 2025 жыл

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 14-бабының 9) тармақшасына, 45-бабына, 113-11-бабына сәйкес 2025 жылғы 2 ақпанда өткен Ойыл ауданының Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтері әкімдерін сайлау қорытындылары туралы Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хаттамасының негізінде

Ойыл ауылдық округі бойынша:

Сағынғалиев Рүстем Темірұлы - 1985 жылы дүниеге келген «Ж.Жүсібалиев атындағы қазақ орта мектебі» КММ-нің мұғалімі, Ойыл ауданының Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Ойыл ауылдық округінің әкімі болып тіркелді.

Ш.Берсиев атындағы ауылдық округі бойынша:

Избасов Адилбек Жансерикович - 1991 жылы дүниеге келген, «Ойыл ауданы әкімінің аппараты» ММ-нің бас инспекторы, Ойыл ауданының Ойыл ауылының тұрғыны, «AMANAT» партиясы ұсынған, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің әкімі болып тіркелді.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы

"ҚАМҚОР" АҚШИЯСЫ

ТҰЖЫРЫМДАМА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ТҰРМЫСЫН АРТТЫРУҒА СЕП БОЛАДЫ



Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасын орындау үшін 2023 жылдың соңында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әзірлеген Еңбек нарығын дамытудың 2024 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Еңбек және жұмыспен қамтудың халықаралық стандарттарын ескере отырып әзірленген құжаттағы іс-шаралар негізінен халықтың әлеуметтік жағынан аз қамтылған тобының әлеуетін арттыруға бағыт-

талып отыр. Яғни, тұжырымдамада халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің алғышарттары белгіленген. Сондықтан, Ойыл ауданының мансап орталығының мамандары «Қамқор» акциясы бойынша «Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» аясында Ойыл селосындағы мекемелерді аралап, жолыққан азаматтар мен азаматшаларға ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, үлестірме материалдар ұсынды.

АҚШАТАУ - САН АҢЫЗДЫҢ КҮӘСІ



Ойыл музейі - музей қорын толықтыру мақсатында іздеу, жинақтау және ғылыми бағытта зерттеу жұмыстарын аудан көлемінде ұйымдастырды. Ғылыми қызметкер Дулат Бітімбайұлы Ақшатау елді мекенінен қазақ хандығы кезеңіне жататын XV-XVIII ғасырларға тән темір жебе ұшын 2012-2014 жылдары аралығында Ақшатау тауының аты аңыз болып қалған

Марқай тауы биігінен кездейсоқ мал бағып жүрген сәтінде тауып алған Ақшатау ауылының тұрғыны Сәтжан Нұрлыбайұлымен кездесіп, өз шаңырағында сақтап келген ат әбзелдерінің бірі темір сулықтың жарты бөлігін және ең құнды темір жебе ұшын музей қорына тапсыруға қолдау білдірді. Ақшатау тауы аңызбен ақиқатқа толы табиғи өңір екенін тағы бір жәдігерімен дәлелдеді.

ҚЫЗМЕТ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚОРҒАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі тарапынан азаматтардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуына ерекше назар аударылады. Департаменттің басты міндеттерінің бірі - халыққа сапалы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелеріне назар аудару, әкімшілік кедергілерді жою және азаматтардың мемлекеттік билік институттарына деген сенім деңгейін арттыру. Қойылған міндеттерді жүзеге асыру үшін Департамент бақылау және түсіндіру іс-шараларын жүргізеді, мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде, оның ішінде жұртшылықты тарта отырып, заңнаманы сақтау жөнінде шаралар қабылдайды.

бұзушылықтарға жол беріп отырады. Атап айтқанда, қызмет алушы «жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін Ақтөбе қаласы әкімі аппаратына жүгінген. Бірақ аталған мемлекеттік қызметті алу барысында азаматқа негізсіз бас тарту берілген. Қызмет алушы мұндай шешіммен келіспей, Департаментке шағым жолдаған болатын. Материалдарды зерделеу қорытындысы бойынша қызмет алушының уәждері өз растауын тапты және Департаменттің араласуымен оның құқықтары қалпына келтіріліп, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім берілді.

Алайда кейбір жағдайда, мемлекеттік органдар азаматтарға мемлекеттік қызмет көрсету кезінде негізсіз бас тарту, артық құжаттарды талап ету немесе қызмет көрсету мерзімдерін бұзу секілді

Мейірман ШМАНОВ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

САЙЛАУ - ҚҰҚЫҒЫҢДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕШІЛІ



Дүниежүзілік сайлау күні 2005 жылғы 14-17 қыркүйекте Будапештте өткен сайлауды ұйымдастырушылардың жалпы конференциясы аясында бекітіліп, жыл сайын ақпанның бірінші бейсенбісінде атап өтіледі.

Сайлауды ұйымдастыру және өткізу саласындағы мамандар Дүниежүзілік сайлау күнін тағайындай отырып, азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету және сайлау процестерін жетілдіру мәселелеріне назар аударуды көздейді.

Бұл күнді өткізудің негізгі мақсаттары - қоғамның санасында демократияландыру процесінің қайтымсыздығын бекіту, сайлау процесіндегі жетістіктер туралы жұртшылықты хабардар ету, жас сайлаушылардың демократиялық құндылықтарға бейілділігін қалыптастыру, сайлаушылардың қатысу белсенділігін арттыру болып отыр.

Сайлау - халықтық егемендікті іске асырудың, қоғамдық пікірді қалыптастыру мен білдірудің, мемлекеттік механизмнің жұмыс істеуінің тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз етудің негізгі құралы.

Біздің елімізде сайлау Республика азаматының сайлау және сайлану құқығын еркін жүзеге асыруына негізделеді. Азаматтар 18 жасқа толғаннан кейін сайлауға тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымдына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан дауыс беруге қатысады.

Тәуелсіз Қазақстанның сайлау жүйесі осы жылдар ішінде нақты қалыптасып, Орталық сайлау комиссиясы сайлау органдарының бірыңғай жүйесін басқара отырып, жалпы мемлекеттік деңгейде сайлау процесін басқару саласындағы алғашқы арнайы орган болды.

Орталық сайлау комиссиясы құрылған сәттен бастап мемлекеттік биліктің заңды институттарын қалыптастыруға тікелей қатыса отырып, Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихымен тығыз байланысты дамып келеді.

Көптеген беделді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі бола отырып, Қазақстан еркін және бәсекелестік сайлау өткізу бойынша өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерін ұстанады. Біздің еліміздегі барлық сайлау науқандары ұлттық заңнамаға және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында (1948ж.), ЕҚЫҰ Копенгаген кеңесінің құжатында (1990ж.) қамтылған демократиялық сайлаудың жалпыға бірдей танылған қағидаттарына сәйкес өтеді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың конституциялық реформасына тікелей байланысты сайлау заңнамасының іргелі жаңашылдықтары саяси жүйенің бүкіл конфигурациясын өзгертіп, сайлау кеңістігіне трансформациялық әсер ете отырып, қоғамдық қатынастардың жаңа дәуіріне жол ашты. Сайлау процестері арқылы азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуын кеңейтуге баса назар аударылды.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы – референдумдар мен сайлауды дайындау және өткізу жөніндегі мемлекеттік сайлау органы. Тәуелсіздік жылдарында ел азаматтары үш референдумға, президентті сайлау жөніндегі жеті науқанға, сегіз – Парламент Мәжілісін сайлау жөнінде, сегіз – мәслихат депутаттарын

сайлау науқанына қатысты. 2023 жылғы 5 қарашада пилоттық режимде еліміздің 45 өңірінде аудан, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы өтті. Соның ішінде Ойыл ауданының тұрғындары да алғашқылардың қатарында аудан әкімін өздері сайлау мүмкіндігін алды.

Біздің ауданымызда сайлауды дайындауды және өткізуді тікелей ұйымдастыратын сайлау органдарының жүйесіне 1 аудандық аумақтық, аудандық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі 11 округтік, 25 учаскелік сайлау комиссиялары кіреді. Бұл комиссияларда 187 адам қызмет етеді.

Ауданымызда ауылдық округтер әкімдерін сайлаудың қысқаша тарихына тоқталатын болсақ, «Сайлау туралы» заңның жаңа редакциясына сәйкес елді мекендер сайлаушылары өз ауылдық округтері әкімдерін жалпыға бірдей, тең сайлауға қатысып, таңдау жасау мүмкіндігін алды. Ауылдық округтер азаматтарының белсенділігі артып, саналы түрде сайлауға қатысып, мемлекеттік билікке араласып, әкімді сайлап, олардан сайлауалды бағдарламасының орындалуы туралы есеп алу мүмкіндігін кеңінен пайдалануда.

Ауданымызда өкілеттік мерзімдерінің аяқталуына байланысты 2021 жылы 25 шілдеде 2 (Көптоғай, Саралжын) ауылдық округ әкімінің сайлауы өтті.

2022 жылы сайлаушылар Ш.Берсиев атындағы ауылдық округ әкімін, 2023 жылы Ойыл ауылдық округінің әкімін, 2024 жылы Сарбие, Қараой, Қайыңды ауылдық округтер әкімдерін сайлады. Күні кеше ғана (02.02.2025 ж.) Ойыл және Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтер әкімдері сайланды. Бүгінгі күні ауылдық округтердегі барлық әкімдер – халықтың өздері таңдап, сайлап алған әкімдері.

Ауылдық округтер әкімдерінің, аудан әкімінің жаңа форматтағы сайлаулары заң талаптарына сәйкес өткізіліп, барлық науқандар абыроймен ұйымдастырылды. Ауданымыздың сайлау комиссияларының мүшелері үлкен ауызбіршілікпен, нәтижелі қызмет етуде.

Аудандық сайлау комиссиясы биылғы жылы да дәстүрлі түрде жергілікті атқарушы органдардың қолдау көрсетуімен Дүниежүзілік сайлау күні қарсаңында ҚР сайлау жүйесі мен құқықтарын насихаттау жұмыстарын жүргізеді.

Өткізілетін іс-шараларда көзделген мақсат – демократияландыру үрдісінің оңтайлы жүріп жатқандығын халықтың біле отырып, олардың демократиялық құндылықтарын қалыптастыруына қол жеткізу. Сондай-ақ, Конституциялық заңның талаптарын әрбір азаматтың, жастың санасына сіңіріп қана қоймай, оны іс-жүзінде, яғни сайлауда дауыс беру еркіндіктерін тиімді пайдалана алуын қамтамасыз ету.

Алдағы уақытта да еліміздің сайлау жүйесі тұрақты дамып, саяси реформалар өз нәтижесін беретініне сенім мол.

Ауданымыздың барлық азаматтарын Дүниежүзілік сайлау күнімен құттықтай отырып, біздің қоғамның ерқашан демократияландыру және демократиялық құндылықтар жолымен дамуын, мемлекетіміздің іргесінің бекіп, өсіп-өркендеуін тілейміз!

Б. БИСКЕНОВ,
Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы.

«ҰЛТТЫҚ ҚОР - БАЛАЛАРҒА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЕСЕПТЕЛГЕН ҚАРАЖАТТЫ EGOV.KZ ПОРТАЛЫ МЕН EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНАН ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ

Көмелетке толмаған балалардың ата-аналары мен заңды өкілдері eGov.kz порталы мен eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында есептелген нысаналы талаптар туралы ақпаратты тексере алады. Есептелген қаражат туралы мәліметтер 31 қаңтардан бастап қолжетімді болады. Егер деректер қате көрсетілсе немесе жаңартуды қажет өтсе, бірнеше қарапайым қадам жасау жеткілікті.

2024 жылы алғаш рет Қазақстан Республикасының барлық балаларына «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында нысаналы талаптар есептелді. Ата-аналар мен заңды өкілдер есептелген қаражатты бірнеше тәсілмен тексере алады: eGov.kz электрондық үкімет порталының Жеке кабинетінде орналасқан «Цифрлық құжаттар» бөлімінде, eGov Mobile мобильді қосымшасындағы «Цифрлық құжаттар» сервисі және kids.enpf.kz сайты арқылы.


Егер қосымшада немесе порталда бала туралы деректер жоқ болса немесе қате көрсетілсе, алаңдаудың қажеті жоқ – бұл БЖЗҚ-да нысаналы талаптардың есептелуіне әсер етпейді. Пайдаланушы eGov Mobile қосымшасындағы «Балалар туралы мәліметтерді өзектендіру» сервисі арқылы бөлімді жаңартып, қажетті деректерді енгізе алады. Өзгерістерді енгізу 2-5 жұмыс күнін алады.

ЖИІ ҚОЙЫЛАТЫН СҰРАҚТАР: Балалар туралы деректердегі қателерді қалай түзетуге болады?

Егер бала туралы мәліметтер қате көрсетілсе, тиісті цифрлық құжатты ашып, жоғарғы оң жақтағы үш нүктені басы керек. «Қате туралы хабарлау» батырмасын таңдап, «Балалар туралы мәліметтерді өзектендіру» сервисіндегі форманы толтыру қажет. Сондай-ақ, туу туралы куәлікті тіркеп, өтінім жіберу керек. Сұрау 2-5 жұмыс күні ішінде қаралады.

Ұлттық қордан есептелген қаражат туралы ақпаратты алу үшін бала туралы деректерді қалай қосуға болады?

Егер қосымшада бала туралы ақпарат жоқ болса, бұл ныса-




налы талаптардың есептелуіне әсер етпейді. Деректерді қосу үшін «Цифрлық құжаттар» бөліміне өтіп, «Отбасы» бөлімін таңдау қажет. «Баланы қосу» батырмасын басып, форманы толтырып, туу туралы куәлікті тіркеу керек. Өтінім 2-5 жұмыс күні ішінде қаралады.

eGov.kz порталындағы жеке кабинеттен балалар туралы мәліметтер жоғалып кетсе, не істеу керек?

Ақтуалды мәліметтерді алу үшін eGov Mobile мобильді қосымшасын пайдалану ұсынылады. Қосымшада өзекті ақпарат көрсетіледі. Функционал Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде іске қосылды.

Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА,
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ПРОВЕРИТЬ ДАННЫЕ О НАЧИСЛЕНИЯХ ПО ПРОГРАММЕ «НАЦФОНД - ДЕТАМ» МОГУТ ПОЛЬЗОВАТЕЛИ ПОРТАЛА EGOV.KZ И ПРИЛОЖЕНИЯ EGOV MOBILE



Если данные о ребенке в приложении либо на портале отсутствуют или отображаются некорректно, не стоит переживать – это не повлияет на начисление ЕНПФ целевых требований. Пользователю нужно обновить раздел или внести актуальные данные через сервис «Актуализация сведений о детях» в приложении eGov Mobile. Внесение изменений занимает от 2 до 5 рабочих дней.

Отвечая на часто задаваемые вопросы: Как исправить ошибки в данных о детях?

Если данные о детях отображаются ошибочно, откройте соответствующий цифровой документ, нажмите на три точки в правом верхнем углу и выберите «Сообщить об ошибке». Заполните форму в сервисе «Актуализация сведений о детях», прикрепите свидетельство о рождении и подайте заявление. Обработка запроса занимает 2-5 рабочих дней.

Как добавить данные о ребенке для получения информации о начислениях от Нацфонда?

Если данные о ребенке отсутствуют в приложении, это не влияет на начисление целевых требований. Чтобы добавить информацию, перейдите в раздел «Цифровые документы», выберите «Семья», нажмите «Добавить ребенка», заполните форму и прикрепите свидетельство о рождении. Обработка заявки займет от 2 до 5 рабочих дней.

Что делать, если исчезли данные о детях в личном кабинете на портале eGov.kz?

Для получения актуальной информации о детях рекомендуется использовать мобильное приложение eGov Mobile, в котором отображаются актуальные данные. Функционал приложения был реализован при сотрудничестве Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК, АО «Национальные информационные технологии» и АО «Единый накопительный пенсионный фонд».

Жайнагуль СЕЙДАХМЕТОВА,
Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі	Адилханов Болатбек, бөлім басшысы	Әр аптаның жұма күндері Уақыты: сағ. 10:00-ден 12:00-ге дейін	Ойыл селосы, Құрманғазин көшесі №43 ғимарат	2-11-54

«Ойыл аудандық экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі сыбайлас жемқорлық фактісі анықталған жағдайда төмендегі сенім телефонына хабарласуды сұрайды. Сенім телефонының номері 2-11-54. Сонымен қатар, мекемеде ұсыныс – пікір салу үшін жәшік орнатылған.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Даулеткалиев Сандыбек Токсанбаевич бөлім басшысы	Әр аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері Уақыты: сағ.- 10:00 -12:30 14.00-18.30	Ойыл селосы Шернияз көшесі № 49.	2-19-42

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ 2-19-42

«Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұраймыз. Сенім телефоны 2-19-42 нөмірінде орнатылған. Сонымен қатар ғимаратта ұсыныс-пікір салу үшін жәшік орнатылған.

ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж., лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Сұлтанов Айбек Өтегенұлы, округ әкімі	Әр аптаның бейсенбі күні. Уақыты: Сағат: 10:00 – 12:30	Еңбеккерлер көшесі, №6	Сенім телефоны 8-(71-332)-73-6-01

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 8-71-332-73-6-01 сенім телефонына хабарласуына болады. Мекемеде ұсыныс – пікір, арыз-шағымдарға арналған жәшік орнатылған.

ДИНИ АДАСУШЫЛЫҚТАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІҢ РӨЛІ



Әлеуметтік желінің пайдасы мен зардабы және діни адасушылықтың таралуындағы желінің өсері жайлы болмақ! Қазіргі қоғамды әлеуметтік желісіз елестету қиын. Жасынан жасамысына дейін желіде отыратын қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Тіпті онсыз өмір сүре алмастай күнделікті әрекеттеріміздің бір бөлшегіне айналды. Осы желілердің көптеген игіліктерімен қатар зардаптарын да тарта бастағандаймыз. Оның басты зардаптарының қатарына уақыттың шектен тыс зая кетуі, жас балалар мен жасөспірімдердің тәрбиесі, ойының әлеуметтік желіге ауысуы, жастардың ақпарат пен мәлімет көзі ретінде орынды-орынсыз пайдалануы десек артық айтқандық болмайды. Себебі желідегі ақпараттар ешқандай реттілік, жүйелілік деген қағидаттарға бағынбайды.

Әсіресе, әлеуметтік желі рухани қамтамасыз ету көзіне де айналып бара жатқандығы ойландыруы қажет. Олай болғаны қазірде кез-келген діни сұрақтың жауабын интернеттен ала салу жеңіл саналады. Ал интернетте өртүрлі махаббаттардың, ағымдардың, діни көзқарастағы топтардың, тіпті қарсы көзқарастағы адамдардың сұраққа қатысты өзіндік аргументтеріне сүйенген жауаптары кездесе беретінін назарға алсақ, діни көзқарасы қалыптаспаған, білімі таяздау адамдардың, әсіресе жастардың қате пікірге жолығу қаупі жоғары. Біртіндеп тыңдай бастаған «ұстаздар» кейін мүлде басқа арнаға бұрып жібергенін көп азаматтар байқамай да қалып жатады.

Қазірде жаһандандық өздеріне мүмкіншілік санайтын, жаһандандық барлық тетіктерін пайдаланып, өздеріне жақтас жинаумен айналысатын, тіпті белгілі бір саяси мүдде үшін діни көзқарастарды жамылған ағымдар қарқын алды. Соның ішінде салыстырмалы түрде қарқынды таралып отырған ағымдар бар. Зерттеу нәтижелеріне қарайтын болсақ, радикалды идеологияны қабылдауға, діни-саяси экстремизмді таратуға өсер ететін экзогенді және эндогенді факторлар бар. Діни идеялардың таралуындағы экзогенді факторлар ретінде мына жағдайларды негізге алуға болады: Біріншіден, діни-саяси экстремизм мен терроризм және жат ағым идеяларының әлеуметтік желілер, кітаптар, журналдар, аудио- бейнежазбалар арқылы таралуы қарқынды жүріп жатыр. Интернеттің барлық мүмкіншіліктерін

игерген жат ағым өкілдері өздерінің пікірлерін әрбір мүмкін жағдайда тықпалауды жақсы игерген. Тіпті өзгенің интернет адресін ашу барысында, автоматты түрде басқа мәліметтер ашылатындай етіп, немесе қандайда бір іздеу жүргізгенде алдымен өздерінің сілтемелері ашылатындай етіп орналастыруға машықтанған. Екіншіден, әлемдік державалардың өздерінің геосаяси мүдделері үшін әлемдегі басымдықтарын ұстап тұруға немесе ұлғайтуға бағытталған шаралары. Қазіргі кездегі діни-саяси экстремизм мен терроризмнің астарлап жатқан мәселенің бірі осы екендігіне ешкім күмән келтірмейді.

Үшіншіден, әлемдік деңгейде табиғи ресурстар үшін күрестің өсуі, шешілмеген әлеуметтік-экономикалық мәселелер, экономикалық дағдарыс салдарынан туындаған жұмыссыздық, мемлекетаралық қайшылықтар т.б. бұл үрдісті жеделдетіп отыр.

Адастырушы көзқарастардың таралуындағы эндогенді факторлардың да маңызы жоғары. Бұл факторлардың ең басында еліміздегі «дінге бетбұрыс» үрдісінің орын алуы жатыр. Сонымен бірге «таза ислам» түсінігі де азаматтардың бір бөлігінің мақсаты саналады. Осы орайда діни дәйектер мен дәлелдерді ғаламтор желісінен қарап, өздеріне дәлел ретінде алады. Екіншіден, әлеуметтік жағдай, өзінің жете алмаған жетістіктеріне қоғамды, белгілі тұлғаларды кінәлау, дүниедегі келеңсіздіктер азаматтарды діни ізденіске итермелейді. Қазіргі адамдардың басым көпшілігі тез арада көп жалақы, немесе қысқа мерзімде әл-ауқатын жақсартудың ізденісі үстінде. Ал материалдық тұрғыдан қол ұшын беруге бейім тұратын ағымдар осы кездерде азаматтардың қасынан табылып, оларды тез баурап алады.

Үшіншіден, бұл жағдайға сонымен қатар, адамның психикалық күйі де өсер етері анық. Дін – сенім. Әрбір адам сенімсіз өмір сүре алмайды. Ал жүрекке орныққан сенім адамның өмірінде көбінесе айқындаушы, бағыттаушы қызмет атқарады.

Бастабында дұрыс сенімге ниеттеніп, теріс көзқарастарды бойына сіңірген адам ол сенімдерінен оңайлықпен арыла алмайды, оның үстіне жамағат психологиясы оларды жеке тұлға ретінде ойлануына мүмкіндік бермейді. Ал ағымның ішіне түскен адам сол ағымның ағысынан шыға алмай өзінің қалауынша емес,

ағым жетекшілерінің нұсқауына өмір сүруге дағдыланады.

Біз заң бойынша демократиялық құндылықтарға басымдық пен сөз бостандығына барынша мүмкіндік беретін мемлекетпіз. Бірақ, бұл әлеуметтік желілерде заңға қайшы, елдің тұтастығына нұқсан келтіретін дүниелерге көз жұма қарау дегенді білдірмейді. Осы бағытта да заң шеңберінде тиымдар бар. Мәселен ҚР Қылмыстық кодексінің 174-бабы бойынша (Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-таптық, немесе діни алауыздықты қоздыру...) қанша азаматтар жауапкершілікке тартылып отыр. Сонымен бірге заңсыз миссионерлік, діни экстремизмді тарату, лаңкестікке шақыру, мемлекеттік билікті күшпен өзгерту сияқты көптеген заң талаптарына қайшы ұстанымға түсіп қалу да осы желідегі адасушылықтардан туындап жатқаны белгілі. Сонымен қатар, түрлі конфессиялар тарапынан, әсіресе радикалды-экстремистік бағыттағылар ғаламторды насихат үшін өте белсенді түрде қолданады: ауқымды аудитория, анонимділік пен ақпаратты тез арада тарату, мультимедиялық мүмкіндіктер (мәтіндік, графикалық акпарат, аудио және бейне-материалдар). секілді ауқымды акпараттар ағымын реттеу мен бақылау өте қиын болуда. Дегенмен бұл бағытта әрбір мемлекет өз мүмкіндігі шеңберінде күресіп жатыр. Біздің елімізде де интернеттегі экстремизммен күресудің тың қолданыстары пайда болуда. Қазіргі адамдардың қажеттіліктерін іздеу ауқымы кеңейген. Әлемдегі құбылыстар мен оқиғалар қас-қағым сәтте таралып, әлемнің қай түкпірінен болсын байланысқа шығу, «достасу» қарқыны күшейген. Адамдар өздерінің өмірлерін әрдайым басқалардың өмірімен салыстыруға бейім. Осындай жағдайда «жақсыны» іздеу үрдісі белең алуға болады. Ал, азаматтар көп жағдайда жақсыға ұмтылу барысында жаһандық саясаттың құрбанына айналғандығын тым кеш түсінеді.

Халқымызда «Жүз жылыңды ойласаң, ұрпақ тәрбиеле!» деген қанатты сөз бар. Сондықтан да жастардың, жасөспірімдердің тіпті жаңа туылған сәбилердің шамадан тыс желіге құмар болуын бақылауға алған абзал! Олай болмағанда кейін өкінер сәттер көп болмақ!

Қызыр БАҚЖАРЫҚ, Ойыл аудандық мешітінің бас имамы, теолог маман.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕУІ КЕРЕК!

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлыққа жол бермей, жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтың бірі екенін атап өтті.

Аталған саясаттың мақсаты заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабу керектігі баршамызға мәлім.

Елімізде жемқорлықты жою бағытында көптеген шаралар атқарылып жатыр.

Атап айтқанда, жемқорлықты жою мақсатында заң талаптары күшейтілді. Яғни, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның пара беруші адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса не ол лауазымдық жағдайына байланысты осындай әрекеттерге ықпал жасай алатын болса, немесе мүлік сипатындағы пайда түрінде жеке өзі немесе делдал арқылы пара алуы орын алған жағдайда тағайындалатын жаза күшейтілді.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бірігіп атқарылатын шаралардың бірі.

Сонымен қатар, жемқорлықпен күресу және оны болдырмау тиісті құзырлы органдардың міндеті деп пайымдамауымыз қажет. Жемқорлықпен күрес және жемқорлықтың салдары тура-



лы түсіндірме жұмыстары отбасынан басталып, кейін кең көлемде түсіндіру бағытындағы шаралармен өз жалғасын табуы қажет.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның өзіне міндеттелген қызметін атқару барысында жемқорлық фактілеріне жол бермеуі қажет. Өкінішке орай қазіргі таңда мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамдардың жемқорлық фактілеріне жол беру жайттары орын алып жатады.

Бұл аталған фактілер ілгерілеудің, одан әрі дамудың жолдарын жабатыны анық. Жалпы сыбайлас жемқорлық

фактілерінің тигізер зияны баршамызға мәлім.

Сондықтан аталған мәселемен баршамыз бірігіп, күресуіміз қажет.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл және аталған мәселемен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білуі керек.

Ж. МАЙЖАНОВ,
Ойыл аудандық сотының аға сот приставы.

АУРУЫҢ АСТАН БОЛМАСЫН!



Ойыл аудандық санитариялық - эпидемиологиялық бақылау басқармасы аудан халқы арасында тағамнан уланудың алдын-алу мақсатында кәсіпкерлік субъектілеріне және қолданыстағы санитариялық ережелерді түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. Өйткені, көптемің-жазғы маусым айлары басталуымен тамақтан улану қаупі артады.

Тағамнан уланудың алдын-алу бойынша сақтық шараларды қолдану қажет:

- тағам сатып аларда қаптаманың тұтастығына, өндіру мерзіміне, жарамдылық және сақтау мерзіміне көңіл бөліңіз;
- қаптамада көрсетілген өндіруші ұсынған мерзімге дейін сақтаңыз;
- тағамды тек балғын өнімдерден дайындаңыз;
- тағам дайындау барысында температуралық режимді сақтаңыз;
- жеміс-жидектерді мұқият жуыңыз;
- тағам дайындау барысында жеке бас гигиенасын сақтаңыз;
- Негізінен қысқы кезеңге үй жағдайында дайындалған (саңырауқұлақтар, қиярлар, қызанақтар, кәділер және т.б.) консервіленген көкөністерге ерекше назар аудару қажет.

Сапасыз консервіленген ауа кірмейтін, герметикалық жабық банкадағы көкөністерде ауру қоздырғыштарының өмір сүруі үшін қолайлы микробтар түсі, иісі жоқ және дәмі жоқ, жылан уынан 250-ден есе күшті токсиндер бөледі. Бұл токсиндер ағзаға енген жағдайда дені сау ағзада ауыр «Ботулизм» ауруы туындауы, асқынудың өлімге әкелуі мүмкін. Консерві қапқағы сәл көтерілуі (бомбаж) байқалса немесе өнімнің сапасына қандайда бір күдік туындаса, өнімді қолданудан бас тартыңыз.

Көшелерден және базардан үйде дайындалған консервілерді, сондай-ақ үйде дайындалған ет және балық өнімдерін сатып алудан сақтаныңыз. Дүкендерден қақпағы көтерілген немесе күмәнді басқа да өнімдер мен консервілерді сатып алмаңыз. Өкінішке орай, соңғы уақытта көптеген адамдар әлеуметтік желілер арқылы үй жағдайында дайындалған тағам өнімдеріне (торттар, тоқаштар, суши, чебуреки, салаттар, нан өнімдері және т.б.) тапсырыс беруді әдетке айналдырған, себебі бұл ыңғайлы және кафе немесе мейрамханаларға тапсырыс бергеннен әлдеқайда арзан. Әлеуметтік

желілерден тағамға тапсырыс бермес бұрын, тағамның қайда, қалай және кіммен дайындалатынын ойланаңыз. Тағам өнімдері лас, дайындауға қажетті қарапайым жағдайы жоқ бейімделген үй-жайларда, жарамдылық мерзімі өтіп кеткен тағам өнімдерінен дайындалуы және шикі және дайын тағам өнімдеріне бір ыдыс қолданылуы мүмкін. Ал, тағам дайындайтын адам Сізге және сіздің балаларыңыздың денсаулығына қауіп келтіретін инфекциялық аурумен ауыратын немесе бактерия тасылдаушы болуы мүмкін.

Сіздің осындай жағдайға ұшырамауыңызға ешқандай кепілдік жоқ. Өз денсаулығыңызбен балаларыңыздың денсаулығын тәуекелге тігуге тұрарлық па? Егер, Сіздің ауруыңызға әлеуметтік желі арқылы тапсырыспен алынған тағам өнімдері себебі болған жағдайда әлеуметтік желідегі белгісіз тұлға жауапкершілікті мойнына ала ма? Ойланаңыз! Тағамнан улануға күдік туындаса, тез арада қажетті медициналық көмек алу үшін дәрігерге жүгіну қажет, өздігіңізден ем алмаңыз!

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1422 дана. Тапсырыс 131 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖҮРЕГІ: ҰЛҒЫҒ ӨМІРГЕ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

АУЫЛДЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫН САҚТАУ МЕН ОНЫ БОЛАШАҚ ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУ – БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ. ОСЫ МАҚСАТТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ЖҮРЕГІ: АУЫЛДЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫ» АТТЫ ҮГІТ ПОЙИЗЫ АУДАНЫМЫЗДЫҢ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ АРАЛАП, ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУГЕ, ЖАС КӘСІПКЕРЛЕР МЕН МАМАНДАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІН НАСИХАТТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСЫН ТАПТЫ.



Бұл үгіт пойызы газетіміздің алдыңғы санында жарияланғандай бірнеше ауылды аралаған болатын. Өткен аптада да бірнеше ауылды аралап қайтты. Үгіт пойызының негізгі мақсаттарының бірі – "Ауыл аманаты" бағдарламасы арқылы кәсіп ашқан азаматтардың жұмыстарымен танысу, сондай-ақ "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы аясында баспанаға қол жеткізген жас мамандармен кездесу, жастарға

жылқы мықты, екпінді әрі серкені іліп алуға икемді болуы тиіс. Мұндай аттар арнайы дайындалады," – дейді Айбат Үсенғалиев. Ол қатысып отырған көрерменді ұлттық спортпен айналысуға шақырып, көкпар арналған аттарды баптау әдістері туралы айтып өтті. Ауылда кіре берісте атқа мініп, тай жуастырып жүрген балаларды көзіміз шалды. Демек айтылған сөзді далада қалдырмай, құлағы шалған жас бала санаға түйері анық.

дап қатысқан көрерменді тәтті етті. Жастар арасында үстел теннисі бойынша жарыс ұйымдастырылып, жеңімпаздар арнайы жүлделермен марапатталды. Қайыңды ауылдық округінде өткен іс-шарада "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы аясында баспанаға қол жеткізген жас мамандармен кездесу өтіп, жастарға үлгі ретінде көрсетілді. Ат спорты мен ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Шара аясында ауылдың білекті жігіттері қол күресіп, мергендері асық ату сияқты дәстүрлі спорт түрлері бойынша сынға түсті. Үгіт пойызының барлық бекеттеріндегі іс-шаралар ауыл тұрғындарының мәдени және кәсіби дамуына үлкен ықпал етіп, жастардың еліміздің дамуына қосатын үлесін арттыруға бағытталған.



үлгі ретінде көрсету. Бұл шара ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдауларды көрсетуімен қатар, жастарды өз кәсібін ашуға ынталандыру. Екінші бір жағынан елдің өнеспін көтеру. Осындай мақсатпен жұмысын жалғастырып үгіт пойызының келесі аялдамасы Көптеғай ауылы болды. Шара ұлттық әндер мен жыр-термелермен басталып, қазақ әдебиетінің көрнекті шығармаларына арналған әдеби кешке ұласты. Мұнда ауыл тұрғындары мемлекеттік "Ауыл аманаты" бағдарламасы аясында өз кәсібін ашқан азаматтардың жетістіктерімен танысты, "Дипломмен – ауылға!" бағдарламасы бойынша ауылға келген жас мамандардың еңбегі дәріптелді. Сондай-ақ, ауыл жастары қол күрес, гір тасын көтеру сияқты спорттық жарыстарға қатысып, жеңімпаздар арнайы марапаттарға ие болды. Ауыл халқының пейілін айтпасақ-та белгілі. Шәмшінің әндері жасырылды, тапқан көрермен орындап та берді. Көңілі көтерілген халық әнді нақышына келтіре орындады. Одан әрі, ұлттық ат спортын дамыту мақсатында Ойыл аудандық көкпар федерациясы қоғамдық бірлестігінің басшысы Айбат Үсенғалиев ұлттық ойынның қыр-сырымен бөлісіп, көкпар ойынының ережелерін түсіндірді. Оның айтуынша, көкпар – үлкен дайындықты қажет ететін, физикалық төзімділік пен шеберлікті талап ететін спорт түрі. "Көкпар – қауіпті спорт түрі. Дода кезінде аттан құлау немесе атпен бірге жығылу жағдайлары кездесуі мүмкін. Сондықтан көкпаршының физикалық дайындығы мен аттың бабы өте маңызды. Жарыс кезінде шабандоздың астындағы аты үлкен рөл атқарады. Көкпарға арналған

Үгіт пойызы Ш. Берсиев атындағы ауылдық округте де жалғасын тапты. Бұл ауылда да "Ауыл аманаты" және "Дипломмен – ауылға!" бағдарламаларының қатысушылары өз тәжірибелерімен бөлісті. Кәсіпкерліктің бастауы адамның өзінің талпынысында болары анық. Көпке үлгі болар өзі ұстаз, өзі жас кәсіпкер Жеткіншек Жоламанова. Ш.Берсиев атындағы орта мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасайды. Алғашқы уақытта өз қаражатына сұлулық салонын ашқан. Өзінің хоббиін табыстың көзіне айналдырып, пайдасын көріп отыр. Уақыт өте келе кәсіпін дамыту мақсатымен «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында қолдауға ие болды. Қазіргі кезде бағдарламаны

Саралжын ауылдық округінде өткен шара барысында жергілікті кәсіпкерлер өз өнімдері мен қызметтерін таныстырды. Олардың қатарында Саралжын орта мектебінің мұғалімі Жанат Қожантаева өзінің қолынан шыққан туындыларын көрсетті. Ол заманауи қолөнер бағытын дамытып, сұмоншақпен жұмыс, тұяқпен кестелеу, түкті кілем-қоржын тоқу сияқты ұлттық өнерді жаңғыртып, өз білгенін өзгеге үйретіп жүр. Кәсіпкердің өз қолынан шыққан туындыларды таныстыру барысында байқағанымыз барлық дерлік туындылары арнайы бір мақсатпен және қарапайым өмірде қолданылатынын көрдік. Мысалы, өз сөзінде айтып өткендей қазақтың ұлттық қоржыны. Қоржынды жасаудағы мақсаты «ұлым шаңырақ көтерген жағдайда құдаларыма сый-көде алып бару» - деп тілге тиек етті. Жанат Қожантаеваның қолынан шыққан жұмыстары қазақ халқының бай мәдениетін қазіргі заман талабына сай жаңғыртуға



толығымен игеріп ауданымызда кәсіпін жүргізіп отырған үлгі боларлық жастарымыздың бірі. Ол шара барысында өзінің тәжірибесімен бөлісіп, жастарға қолдау көрсетті. Бұл ауылда да мәдени шаралар ұлттық өнерді дәріптеуге арналды. Қазақтың біртуар ақын-жазушыларының шығармалары оқылып, жергілікті өнерпаздар ән мен күйден шашу шашты. Мектеп оқушылары хормен әсем ән оры-

және жастардың, оқушылардың дәстүрлі өнерге қызығушылығын арттыруға үлес қосуда. Қаймағы бұзылмаған ауылдарымыздың мәдениетін дамытып, көпке үлгі еткен үгіт пойызы жалғасын табар деген сенімдеміз. Бұл бастама ауданымызбен шектелмей еліміздің басқа да аймақтарын қамтиды деген ойдамыз.

Өткен аптада сол бағдарламаны сәтті жүзеге асырған оқушылар алғашқы дипломдарына ие болды. Жас түлектер осы бағдарлама аясында алғашқы даярланған мамандар атанып еңбек нарығына жолдама алды. Еліміздегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің маңызды оқиғаларының бірі болып саналған бастама Ойыл кәсіптік колледжінде жүзеге асырылды. Бағдарламаның жүзеге асуына серпін берген мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялауы болатын. Бұл бастама жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеріп, олардың ел экономикасындағы маңызды рөлін айқындай түсті. Жас түлектерді оқыту арқылы еңбек нарығында жас мамандар үлесін арттыру, жұмысшы мамандықтардың қоғамдағы рөлін арттыру көзделген. Бітіру кешінде колледж түлектері үлкен қошеметпен сахнаға шақырылды. Осы бағдарлама аясында тұңғыш түлектері атанып тұрған студенттердің қуанышында шек жоқ. Өуезіне келтіріліп өңде шырқалды, мың бұралып биде биленді. Тұңғыш түлектердің қуанышын бөлісіп келген халықта көп. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев сөз сөйлеп, оқушылардың дипломдарын табыстады. Жалпы білім алушылар 2 мамандықта оқыған болатын. Олардың бір тобы «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша «Жендеуші слесарь» біліктілі-

гін игерсе, енді бір топ «Тамқандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша «Аспазшы» біліктілігін меңгерді. Салтанатты кешке арнайы шақырылған сыйлы қонақтар бітіруші түлектерге ізгі тілектерін арнап, еліміздің дамуына өз үлестерін қосатын білікті маман болуларына сенім білдірді. Колледж өмірінде белсенділік танытып, аудандық және облыстық байқауларға қатысқан студенттер арнайы алғыс хаттармен марапатталды. Солардың ішінде «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығының түлегі, қызыл диплом иегері Рүсгүл Әжімұратова колледж атынан алғысын білдіріп, бітіруші түлектерге жылы лебізін жеткізді. Кештің басты сәті – түлектердің вальс билеуімен

аяқталды. Бұл олардың колледждегі соңғы қадамдары ғана емес, жаңа өмірге деген сенімділіктің, мамандықтарына деген құрметтің символы. Ойыл кәсіптік колледжі ұжымы алдағы уақытта да бастама жалғасын тауып жатса, техникалық және кәсіптік білім берудің сапасын арттыруға, жұмысшы мамандықтарының беделін көтеруге және еңбек нарығының талаптарына сай кәсіби мамандар даярлауға күш салатынын жеткізді. Осылайша, 2025 жылғы түлектер еңбек нарығына сенімді қадам басып, Қазақстанның дамуына өз үлестерін қосуға дайын екендіктерін көрсетті. Бұл – техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы маңызды жетістіктердің бірі.



Әділет ШАБАЙ, Ойыл селосы.

ЖАСТАРДЫҢ «ЖАЙДАРМАНЫ»

ОҰЫН МЕН ОҰДЫҢ ҰЛАҒАТЫ

ОЙЫЛ ЖАСТАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨЛЕУЕТІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН КЕЗЕКТІ ЖАЙДАРМАН САЙЫСЫ ӨТТІ. АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТКЕН БҰЛ САЙЫСҚА БАРЛЫҒЫ 9 КОМАНДА ҚАТЫСЫП, ӨЗ ӨНЕРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ.

Ойынды ұйымдастырудағы басты мақсат оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға ықпал ету, балалардың бір-бірімен қарым қатынасын жақсарту. Ойынға әділ қазылық еткендер қатарында Ойыл аудандық мәдениет үйінің музыка сүйемелдеушісі Асылхан Өтенов, асаба Әділбек Қалидоллин, Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысы Ұлмекен Төлеушева, сондай-ақ Ойыл аудандық мәдениет үйінің директоры Индира Сухашева болды. Жайдарман сайысы екі кезеңнен тұрды. Алғашқы кезеңде көрерменді күлкіге қарық қылған көріністер ойнаса, екінші кезеңде дайындап келген әзілдерін оқып шын мықтыны анықтады. Барлық командалар жоғарғы деңгейде дайындалғанын көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Өділ қазылардың шешімімен жүлделі ІІІ орынды Амангелді ауылынан



келген "Амангелді" командасы мен Қаракемер мектеп-балабақшасының "Жас Қазақ" тобы иеленді. Ал ІІ орын Ойыл аудандық оқушылар үйінің "Жас STAR" командасына бұйырды. Жеңімпаз атағын Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының "Гимназия жігіттері" қанжығасына байлады. Сайыста ерекше көзге түскен Қаракемер ауылының "Жас Қазақ" командасының ойыншысы Нұртілек Кенжебаев

"Үздік ойыншы" атағын иеленді. Барлық қатысушы командалар алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. Бұл жайдарман ойыны аудан жастарының өнерге деген құштарлығын арттырып қана қоймай, олардың тапқырлығы мен бірлігін шыңдайтын маңызды шара болды. Ұйымдастырушылар мұндай мәдени іс-шаралардың алдағы уақытта да жалғасын табатынын атап өтті.



Өділет ШАБАЙ, Ойыл селосы.